



ӘЛЕУМЕТ. т^о



АШЫҚ КҮНДЕ

АДАСҚАН

Студент кезіміз. Қалаға енді келіп, жаңа таныстар тауып, өмірдің бір қызық кезеңін жайбарақат бастан өткеріп жатқан уақыт. Қалаға жан-жақтан жиналған жастар. Арасында Байғанин ауданынан келген Әлібекпен де таныстық. Толқын шашты, бойы аласа, тәрбиелі, мұғалімнің баласы.

Қазақы жерден шыққан соң, орысы аралас Хромтау, Алға секілді қалалардан келген балаларға қарағанда, Әлібектің кішіпейілділігі көзге ұрып тұратын. Араластық, қыдырдық, бір нанدى бөліп жеген кездер болды. Жылдар өте, әркім әр жаққа кетеді. Әлібек те, өз жолын тауып, кәсіпкерлік жағында жүрді.

(Жалғасы 2-бетте)



2 Doping
ауы
8 ЖЫЛДАН
КЕЙІН...

БЕЙБИТ
АТОМ

ЗАМАНАУИ
АУРУХАНА

«ТАҢДАП
ҚОЙҒАН
АРУЫМ
БАР»

8

МӘСЕЛЕ



12 МЕКТЕП ЖАБЫЛДЫ

«Жаңа оқу жылы қарсаңында Солтүстік Қазақстан облысында 12 бастауыш мектебі жабылды. Білім ордалары оқушының аздығынан жұмысын тоқтатты. Аймақта мұнан бөлек, тағы 170 білім ошағы белгіленген талапқа сай емес. Оқушы көбеймесе, алдағы уақытта жабылуы да мүмкін»

(Толығырақ 3-бетте)



БИРЖАМЕТР

МҰНАЙ (brent)

48,85

DOLLAR

340

EURO

384

РУБЛЬ

5,28

ҚЫЗЫҚТАН ҚЫЗЫҚТАРЫ



(Жалғасы 2-бетте)

«ЖАС ҚАЗАҚ» КОНФЕРЕНЦИЯСЫ



ҚАЗАҚТАЙ ҚАРСЫЛЫҚ
КӨРСЕТКЕН ХАЛЫҚ ЖОҚ

(Жалғасы 4-бетте)

Билік



Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың Варшаваға жасаған мемлекеттік сапары Қазақстан-Польша қарым-қатынасын жаңа бөлеске көтерді. Әсіресе екі ел басшылары экономикалық бағытта бірлесіп әрекет етуге құлшынып отыр.

Қос елдің мемлекет басшылары Нұрсұлтан Назарбаев пен Анджей Дуда Польша Президентінің резиденциясында шағын және кеңейтілген құрамда келіссөздер өткізді. Онда сауда-экономика, инвестиция, ауыл шаруашылығы, транзит-көлік және мәдени-гуманитарлық салаладағы өзара іс-қимылды нығайту мәселесі талқыланды.

байланысты, Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан, Польша және Ресей арасында көлік саласындағы ұшжақты келісімді пысықтау және Кавказ транзиттік дәлізін пайдалану жөнінде бастама көтерді.

Сондай-ақ Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстанның индустриялық әлеуеті артып отырғанына назар аударды. Мысалы, соңғы 5 жыл ішінде елімізде мыңға жуық жаңа өндіріс кәсіпорны іске қосылған.

Елбасы «Польша бизнесмендерін осы жұмысқа атсалысуға шақырамын. Бұл үшін барлық жағдай жасалған. Мәселен, келесі жылдан бастап екі елдің азаматтары үшін визасыз режим енгізу жоспарлануда. Тікелей әуе байланысын жолға қою мүмкіндігі қарастырылып отыр. Бүгінде өзара тауар айналымы 1 млрд 100 млн долларға жетті. Әрине, бұл қазіргі әлеуетімізді толық көрсете алмайды», — деді.

ТРАНЗИТТІК ДӘЛІЗ ТИІМДІ

Нұрсұлтан Назарбаев «Біздің елдерімізді ортақ тарих байланыстырады. Польша — Қазақстанның Еуропадағы ең жақын әрі маңызды серіктесінің бірі. Елдеріміздің арасында әсіресе экономикалық сала бойынша өзара тиімді көптеген перспективалы бағыттар бар», — деді.

Мемлекет басшысы екі елдің көлік-транзит әлеуетін тиімді пайдаланудың маңыздылығын атап өтті. Осыған

Елбасы, сондай-ақ Польша Президентін «ЭКСПО-2017» халықаралық көрмесіне шақырып, поляк іскер топтары өкілдеріне Астанадағы халықаралық қаржы орталығының қызметіне атсалысу жөнінде ұсыныс жасады. Анджей Дуда өз кезегінде поляк іскер топтарымен бірге «ЭКСПО-2017» халықаралық көрмесіне баратынын мәлімдеді.

(өз тілшіміз)

АПТАНЫҢ АЙТАРЫ

100

мың теңге.
Қарағандыда өңірдің бас экологы осынша пара алғаны үшін ұсталды

150

мың теңгеден Шымкентте дәрігерлер нәрестені саудалаған

780

мың теңге.
Теміртауда мәслихат депутатының әкімдіктегі кабинетінен осынша ақша қолды болды

Сөз-жебе

Мейрам БЕГЕНТАЕВ,
Павлодар облысы әкімінің орынбасары:



«Маса сіздің қызметіңізге, жасыңызға болмаса жынысыңызға қарап қаныңды сормайды. Оларға әкім, министр, қала тұрғыны бол бәрібір. Шыбын-шіркейдің қаптап кетуінің бірнеше себебі бар. Ол жауын-шашын мен судың екі рет өз арнасынан асуы. Жылда Шығыс Қазақстан облысындағы әріптестерімізбен бірлесіп, су қоймасының деңгейін қадағалап отыратынбыз. Биыл жағдай ұшығып кетті. Біз масаның көзін жоятын улы химикатты керек мөлшерден аз алып қойыппыз»

Айтарым бар

«Қанша адам болса, сонша пікір болады. Мен Тищенконы адам ретінде түсінемін. Кім өз медалін бергісі келсін. Қалай ұтқаны маңызды емес, Олимпиадаға барғанның барлығы жеңгісі келеді. Қол жеткізгеніне қуанады. Сондықтан ол не үшін маған медалін беруі керек? Ол оның медалі. Мен тіпті алмайтын да едім. Не қажеті бар? Маған күміс медаль берді. Екінші медальды қайтемің? Ал Тищенкомен қайтадан жекпе-жекке шығу мен үшін қызық болар еді»

Василий ЛЕВИТ,
Рио Олимпиадасының күміс жүлдегері:



Құрық

Алматы-Шымкент бағытында жүретін автобустың жүк салғышынан «Winston» маркалы 45 мың бума темекі өнімдері бар 90 қорап табылып, тәркіленді.



Одан басқа, «Газель» маркалы автокөліктің ішінен 60 қорап табылды. Бұл қораптардың ішінде 30 мың бума «Winston» маркалы темекі өнімі болған. Осылайша, барлығы — 75 мың бума «Winston» маркалы контрафактілік темекі өнімі тәркіленді. Оларда тек Қырғызстан Республикасының акциздік маркасы болған. Бұл туралы Алматы қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің баспасөз қызметі хабарлады. Қазіргі таңда тергеу жүргізіліп жатыр.

Құрмет

Жамбыл ескерткіші Балқан төрінде



Сербия – 2016

Есірткі – «сәлемдеме»

Петропавл полицейлері 43 жастағы есірткі тасымалдаушыны ұстады. Ол есірткіні Шудан пошта арқылы алдыртыпты.



Бұл туралы Солтүстік Қазақстан облысы ішкі істер департаментінің баспасөз қызметі хабарлап отыр. Күдіктінің Уәлиханов көшесінде орналасқан пәтерінен 16 келі кептірілген марихуана мен 500 грамм гашиш табылған. Сондай-ақ қылмыстық әрекетті айғақтайтын басқа да заттар тәркіленген. ПІД хабарлауынша, есірткі өнімдерін 43 жастағы азаматша Жамбыл облысы Шу ауданынан пошта қызметі арқылы алдырған. Аталған дерек бойынша сотқа дейінгі тексеру жұмыстары басталды. Кінәсі дәлелденген жағдайда ол 15 жылға дейін бас бостандығынан айырылуы мүмкін.

Әлеумет.т⁰

Ашық күнде адасқан

(Басы 1-бетте)

Бір көргенде сақалын қауғадай етіп жіберген екен. Балағына мән бермеппіз. Тұшпара саудасымен айналысатынын айтты. «Халал өнім сатамын» деген. «Түріне не болған, расымен, осы жолға түсіп кеттің бе» деп айтқанымыз сол еді, әрі қарай сөйлесуге құлық танытпады. Қоштасты да, асығыс жүріп кетті. Көз көрген адам, үйінен дәм таттық студенттік жылдары.

Әкесі жоқ. Анасы мен ағасы бар. Қаладан жатақханадан бөлме алғанда, жігіттер болып, жүгін жоғары қабатқа көтерісіп, анасының қолынан шай ішкенбіз.

Жылдар өте, ортақ таныстармен кезігіп қалғанда, Әлібектің жайы сөз болды. Осыдан екі-үш жыл бұрын «Сирияда 300-ге тарта адамды жоқ қылып жіберді» деген ақпарат естеріңізде болар. Таныстарының айтуынша, сол жамағаттың ішінде біздің Әлібек те болуы мүмкін.

Орыстілді таныстары «Его уже давно нет в живых. Забрал маму. И старший брат с четырьмя детьми поехал в Сирию. И сам свою семью тоже потащил» деп калмасы бар ма?! Көз көрген адам, іштей тындық. Кезінде араласып едік, уайымдадық. «Ашық күнде неге адастың, ағайын?» — деген сауал көмеиде қалды. «Обал болған екен, байғұс бала» дегеннен басқа не істейсін.

Санаулы күн бұрын қалалық сотта кезекті отырыс басталды. Құжаттарына көз жүгіртіп отырып, тағы бір

таныс есімді көзіміз шалды. Тегі, аты, әкесінің аты сәйкес келеді. Сұрастыра келе, сол, бір мектепте, жоғары сыныпта оқыған жігітті таныдық.

Анасын да, әкесін де, туған қарындасын да танушы едік. Жағдайы болмады ма, бір рет істі болғанын білеміз. Сыныптастары оның есірткімен ұсталғанын сөз етіп жүрді. Кейін әкесі қайтты, анасы о дүниелік болды. Немерелеріне қарайласатын әжесі ғана еді.

Ембідегі түрмеден былтыр босап шыққан екен. Радикалды ағымға кіріп кеткен ол сот залына тағы келіп отыр. Сирияға кетпек болып, біреуді бопсаласа керек. Түрі таныс, жүзі көз алдымызда. Үй арасы да алыс емес-ті.

Бүгінде мұның бәріне кім кінәлі, не кінәлі? — деп те ойланбайтын болдық. Қазбалай берсе, өзінен бастап, бәрін кінәлайсың. Одан не пайда? Бұл бағытта жасалып жатқан жүйелі жұмыс та байқалмайды.

Бүгін-ертең, болмаса санаулы күнде бұл жігітке қатысты да үкім шығып қалуы мүмкін. Қайта айналып, темір тордың арғы жағына барады. Ортасына қайта түседі. Кім біліпті, бәлкім, тілеулеріне қосылып, жаңа жоспар құруға мүмкіндік туатын шығар.



Аскар АҚТҮЛЕУ,
Ақтөбе

Дау-шар

Doping
дауы

8 жылдан кейін...

Ауыр атлеттеріміз тағы допинг дауына ілікті. Төрт зілтеміршінің қанында допинг бары анықталып отыр.

Олар — Ирина Некрасова, Мария Грабовецкая, Мая Манеза және Владимир Седов. Соңғы екі спортшының есімі «қара тізімнен» екінші рет табылды. Халықаралық ауыр атлетика федерациясы сегіз жыл бұрынғы сынамадан тапқан мінін сайтына жариялады. Істің ақ-қарасы екі айдан соң анықталады.

Владимир СЕДОВ, ауыр атлетикадан әлем чемпионы:



«2008 жылы Илья, Маша, Ирина бәріміз бір командада жаттыққан болатынбыз. Алексей Геннадьевич (Ни) бізге дәрумен және басқа дәрі беретін. Соны іштік. Допинг табылған болса, медальдардың бәрін қайтарып беремін»

Семей полигонының жабылғанына – 25 жыл

Толығымен ядролық қарусыздандыру идеясы Нұрсұлтан Назарбаевтың биыл БҰҰ-да ұсынған «Бейбітшілік. ХХІ ғасыр» манифесінің өзегінде де көрсетілген. Манифест тағы да Қазақстанның тек бейбіт атомды қолдайтынын дәлелдеді. Курчатовтағы Ұлттық ядролық орталығының (ҰЯО) жұмысы бұған айқын мысал бола алады. Өйткені, аталған орталық



барлық ғылыми-техникалық және адами ресурстарды бейбіт атомның дамуына жұмсап, өзін Қазақстан ғылымына да, экономикасына да елеулі үлес қосып жүрген жоғары технологиялық орталық ретінде көрсетті.

ҰЯО осыдан ширек ғасыр бұрын бұрынғы әскери өнеркәсіптік Семей ядролық сынақ полигонының конверсиясы бойынша мәселені шешіп, оның ғылыми-техникалық әлеуетін еліміздің мүддесіне пайдалану үшін құрылды.

БЕЙБІТ АТОМ

Аталған орталық Семей полигонында өткізілген ядролық қарудың инфрақұрылымын жою жөніндегі барлық бағдарламалардың бас атқарушысы болып белгіленді. Орталық мамандардың ішінде Дегелең тауы мен «Балапан» сынақ алаңындағы ұңғымаларды жабуды көздейтін бағдарлама болды. 1996 және 2000 жылдар арасында Дегелеңде 181, «Балапан» алаңындағы қолданылмаған 13 ұңғыма жабылды. Орталық мамандары радиоэкологиялық сараптама жүргізіп, радиоэкологиялық мониторингті ретке келтірілді. Бүгінде аумақтың жартысынан астамы зерттеліп, оның 90 пайызын ауыл шаруашылығына пайдалану жөнінде тұжырым жасалды.

— Біздің міндетіміз — мемлекетіміздің және Елбасымыздың атом энергиясын бейбітшілік жолмен қолдану жөніндегі бейбіт бастамаларын ғылыми-техникалық тұрғыдан қолдау. Соңғы жылдары осы міндетімізді ойдағыдай орындап келеміз», — дейді ҚР ҰЯО директоры Ерлан Батырбеков. — Семей ядролық сынақ полигонының жабылғанына 25 жыл толуының қарсаңында ҰЯО-ның қосқан үлесі зор екенін көреміз. Бірінші кезекте, ядролық сынақ полигонының инфрақұрылымына қатысты проблемаларды шештік. 2013 жылы Нұрсұлтан Назарбаев, Дмитрий Медведев және Барак Обама үш елдің күшімен ядролық сынақ полигонының инфрақұрылымы толықтай жойылғанын ресми түрде мәлімдеді. Е.Батырбековтің айтуынша, ядролық сынақ полигоны зардабын жою қолға алынды. Полигон

Семей ядролық сынақ полигонының жабылғанына 25 жыл толуына орай Астана қаласында өтетін халықаралық «Ядролық қарусыз бейбіт өмір қалыптастыру» конференциясының күні жақындап қалды. Аталған конференция 29 тамызға белгіленген. Өйткені, ширек ғасыр бұрын дәл осы күні Қазақстанға жаһандық антиядролық қозғалыстың көшбасшысы атануға көмектескен, бүкіл әлем үшін маңызды шешім қабылданды. Ал бес жыл өткен соң басқа мемлекеттер де ядролық қаруды сынауға тыйым салды. Осылайша, Қазақстан сынаққа қарсы шыққан мемлекеттердің бейбіт бастамаларын біріктірген ел болды.

аумағында радиоэкологиялық тұрғыдан зерттеп жатырмыз. Бұл 17,5 мың шаршы шақырым, яғни Словения сияқты мемлекеттің жеріне тең. Қауіп туғызатын ошақтардың көзін жоюда да нақты жетістік те жоқ емес. Ал ғылымға келсек, тәжірибелік базаны сақтап қана қоймай, оны жетілдіре түсті. Сөйтіп, бүгінде ядролық энергетика қауіпсіздігіне қатысты көп мәселеде еліміздің үздік екенін осы саладағы жетекші мемлекеттер — АҚШ, Ресей, Франция және Жапония да мойындады.

Орталық ел экономикасы мен ғылымына қосқан үлесіміздің нақты бір мысалы ретінде, атом энергетикасының қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша, соның ішінде жылдам нейтронды энергетика бойынша эксперимент жүргізгенімізді айта аламыз. ҰЯО реакторға жылу бөлетін құрастыруды сынақтан өткізеді. Осындай реактор шығаратын Жапония және Франциямен серіктестік жасалған. Сондай-ақ ресейлік «Росатом» мемлекеттік

корпорациясының кәсіпорындарымен — «Н.А.Доллежалы атындағы НИКИЭТ» АҚ-мен серіктестік құру жоспарда бар. Аталған кәсіпорын Ресейдің алдыңғы қатарлы «Прорыв» жобасын ғылыми жағынан алып жүреді.

Бейбітшілікті ту еткен Қазақстан өзінің барлық зерттеу реакторларын төмен байытылған отынға ауыстыру жөніндегі міндеттемесін орындауды бастады. Бұл іспен орталық мамандары айналысады.

— Бұл өте дұрыс шешім. Өйткені, терроризм тұрғысынан қарасақ, төмен байытылған отынды лаңкестік мақсатта пайдалана алмайды, — дейді Ерлан Батырбеков. — Алайда біздің алдымызда тұрған міндет — реакторларды отынның жана түріне ауыстырып қана қоймай, олардағы бірегей қасиетін сақтап қалу. Айта кету керек, Қазақстан алғаш рет осы тәжірибені іске асырды. Ядролық физика институтындағы ВВР-К реакторы төмен байытылған отынға ауыстырылды. Ешқандай кері әсері болған жоқ. Керісінше, реактор сипаттамасын біршама жақсарттық.

Ұлттық ядролық орталық Семей полигонының жабылуының 25 жылдығы қарсаңында көп іс тындырды. Атомды жаппай қарулануға емес, ғылым, медицина, өнеркәсіпке пайдалану үшін үлес қосты. Бұл — еліміздің бейбіт өмір және әлемде ядролық қаруды таратпау үшін, нақты бағыт ұстанғанының айқын дәлелі.

Руслан ДОСТАЕВ



ҚОҒАМ

www.jasqazaq.kz
E-mail: jas_qazaq@mail.ru



3

Мәселе

— Мектебіміз жабылып қалды. Көшеде жатыр екен, бос жатқанша кәдеге ассын деп құлсалғыш ретінде пайдаланып жүрмін, — дейді Шолақөзек ауылының тұрғыны Маманбай Өмірзаков, — өзің білесің бізде бар болғаны бастауыш мектеп қана болды ғой. Қоңырауымыздың өзі кеңес заманынан қалған еді. Елдің балалары компьютер пайдаланып жатқанда, біздің балалар оның атын ғана естіген.

Солтүстік Қазақстан облысына қарасты Айыртау ауданында биылғы жылы Орловка, Шолақөзек, Шаңғал мектептері жабылып қалды. Негізгі себеп баланың жоқтығы. Айыртау аудандық білім бөлімі басшысының міндетін атқарушы Зура Қалдарбаева осы мектептерге қоса Заря орта мектебінің негізгі мектеп ретінде қысқартылғандығын айтады.


Үкіметтің бекіткен қаулысына сәйкес 11 жылдық мектепте — 80, негізгі мектепте — 41, бастауыш мектепте — 5 оқушы болуға тиіс. Қызылжар өңірінде 532 білім ошағы болса, соның 431 шағын комплектілі санатқа жатады немесе жалпы көлемнің 81 пайызы деп қойыңыз. Бұл мәселенің ар жағында қылтыпп демографиялық ахуал тұр. Оған қоса, ауыл жұртының қалаға қарай үлере көшуі, яки

қойып, ағылшын тілінде оқытамыз деп кіжініп отырған жоқ па, — дедім мен, — ал енді кісіден бала сұрайтындай басына не күн туды?

— Биыл мектебіміз жабылып қалды. Кеңес Одағының Батыры Жәлел Қизатов атындағы тоғыз жылдық мектеп. Аудан әкімлігіне сан рет шабылғанымызбен шарасын таба алмады. Енді мектептегі 30 оқушының жайы не болмақ. Қанаттас қонған іргедегі қазақ ауылдарында интернат та жоқ. Біз өзі шалғайда жатқан ауылмыз ғой. Қысты күні жол тазаланбайды. Сол кезде бұл отыз оқушының күні не болар екен. Белгілі ғалым Бүркіт Аяған 2009 жылы туған ауылына спорт

залын ат шаптырым етіп, 90 орындық екі қабатты зәулім білім ошағын салдыртқан еді. Ол кезде осында алпысқа жакын оқушылар болған. Кейін елдің іргесі сөгілген соң күш-қуаты бар ауыл

12 МЕКТЕП ЖАБЫЛДЫ



урбанизацияның екпіні мен тепкінін байқауға болады. Биылғы жылы облыс бойынша 8 бірдей бастауыш мектеп жабылған. Бес бірдей 11 жылдық мектеп негізгі және бастауыш мектеп болып қайтадан құрылған. Ендігі жылы немесе арғы жылы жағдай күрт жақсаралы деп үміттенуге де болмайды. Өйткені, төменгі сыныптарда оқушылар аз. Мектептерді онтайландыру бұдан әрі жалғаса бермек. Атап айтатұғын болсақ, алдағы жылы 24 мектептің мәртебесі өзгертіліп қайта құрылады деп болжанып отыр. Осылардың басым көпшілігі ұлттық білім ошақтары.

Таяуда Есіл ауданына қарасты шок жұлдыздай шағын ғана Қарағай ауылында болдық. Құйрық-бауыр жескен Қаратай құдалық амандық-саулықтан соң «неше немерең бар?» деп сұрады.

— Қазақ бала санамайды ғой, — дедім мен.

Шолпан ҚАРЫНОВА,
СҚО Білім басқармасының басшысы:

«Жаңа оқу жылы қарсаңында Солтүстік Қазақстан облысында 12 бастауыш мектеп жабылды. Білім ордалары оқушылардың азынған жұмысын тоқтатты. Аймақта мұнан бөлек, тағы 170 білім ошағы белгіленген нормативке сәйкес келмейді. Оқушылар саны көбеймесе, алдағы уақытта жабылуы мүмкін»

astanativ.kz

— Егер мектепке баратындай болып қалса, біздің үйде оқытқан қайтер еді, — дейді құдам. — Оған келін мен бала келісе қойса. Олар ауылдағы мектеп түгіл одыраңдаған орысшаны

Эльмира СУХАНБЕРДИЕВА,
Білім және ғылым вице-министрі:

«526 мектеп күрделі, 6600 мектеп ағымдағы жөндеуді талап етеді. Ал күрделі жөндеуден өткен мектептер Ақмола, Атырау, Қарағанды, Қызылорда, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан облыстарына және Астана қаласында»

тұрғындары бірі — Көкшетауға, бірі — Қызылжарға көше бастады. Қазірдің өзінде осында он шақты отбасы жүгін жиып алаңдап

отыр. Енді бірер жылдан соң ауылымыздың орнында жұрты қалады ма? — деп қорқамыз. — Негізінде мектептердегі оқушылардың санын белгілеу жергілікті жерді жақсы білетін облыстық, аудандық биліктің қузырына берілгені дұрыс шығар, — дейді Капен мұғалім, — олар жер жайын, ел жайын жақсы біледі ғой. Әрі жергілікті мәслихаттар арқылы азын-аулақ қаржы бөліп, ел тірегі болып отырған шағын комплекттілі мектептердің мұқтажын шешіп берер еді. Тұрасын айтсақ, Үкіметтің қаулысы күшін жоймай шағын ауылдардың бағы жанбайды. Ал егер мектеп жабылса, алдымен, күнкөріс қамымен мұғалімдер көшіп кетеді. Одан соң басқалары. Жасыратыны жоқ, ауылда жалақы алып жұмыс істейтін жер жалғыз ғана — мектеп.

Құдамның қарызға бала сұрап отырған қолқасын енді түсіндім. Жастары әлдеқашан Бақыт іздеп бес белден асып кеткен шағын ауылдарда қалған шал-шауқан ел іргесін бекітеміз деп есі кетіп жүр. Қарактарым-ай, қарызға беретін балаларын бар ма?

Байқал БАЙӘДІЛОВ,
Солтүстік Қазақстан облысы

Шахматтан әлем чемпионы



20 жасқа дейінгі қыздар арасындағы әлем біріншілігінде 57 спортшы бас жүлдені сарапқа салды. Чемпионат барысында Динара Сәдуақасова көш бастап, 13-тің ішінен 9,5 балл жинады. Екінші орынға ресейлік, үшінші орынға үндістандық шахматшы ие болды.

Отандасымыз Динара Сәдуақасова Үндістанның Бхубанешвар қаласында өткен шахматтан жастар арасындағы әлем чемпионатында жеңіске жетті.



«1916 ұлттық көтерілісті 1917 жылғы ақпан төңкерісінің орын алуын тездетті дейді. Расында солай ма? Біз әлі тарихи шындыққа жеткен жоқпыз. Бұл – ешқандайда ұлт-азаттық емес, рулық қозғалыс. Қозғалыс күші – қазақ рулары». Тарих ғылымының докторы, профессор, Әл Фараби атындағы ҚазҰУ Қазақстан тарихы кафедрасының меңгерушісі Талас Омарбеков, «Адырна» ұлттық-этнографиялық бірлестігі мен «Жас қазақ» республикалық газетінің бірлесіп ұйымдастыруымен 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің 100 жылдығына арналған конференциясында осындай мәселе көтерді. Жиынға тарих ғылымының докторы, профессор Болатбек Нәсенов, тарих ғылымының кандидаты, Абай атындағы ҚазҰПУ доценті Еркін Ермұқанов қатысты.

Арман Әубәкір: Ақ патшаның әскерге адам алмаймыз деген ең алғашқы жарлығы болған екен. Ал 1916 жылғы көтерілістің негізінде, патша өз сөзінен айнып кетті деп халық наразылық білдіргенге ұқсайды. Болатбек аға, Сіз осы туралы дерек таптым деп едініз. Сол дерекпен бөліссеніз?

Болатбек Нәсенов: Көкшетаудың Қоңыркұлжа атты аға сұлтаны мен Қарқараның Шынғыс, Тұрсын деген сұлтандары патша қабылдауында болады. Бұл 1834 жылы болған. Ең бірінші аймақтық жарлық 1824 жылы Көкшетау мен Қарқаралыда қабылданды. Басқа да аймақтарды тарту үшін ең алдымен осы екі аймақтан бастаған. Әртүрлі сыйлық беріп, ананы жасаймын, мынаны жасаймын деп үміттендірген. Сол кезде Қоңыркұлжа айтады: «Біздің қазақ халқын қобалжытып тұрған бір мәселе бар. Ол сіздер біздің жастарымызды солдатқа алсаңыздар, бірде-бір болыс сіздің қарауыңызда болмайды. Бәрі кетіп қалады. Қазақтан жауынгер алмаймын деген мәселені шешсеңіз» — дейді.

Сол кезде император келісiмiн берiптi. Осы туралы Ленинградтағы музейде материал бар, бiрақ ол менiң қолыма түспедi. Омбы қаласының мұражайында «Омбы тарихы» деген кiтап бар. Сол кiтапта 330 жыл бұрынғы Орыс патшалығының қоластындағылардың тарихы жазылған. «Абылай хан» деген кiтабымның бiрiншi томында алдымен қазақшасы, кейiннен аударып орысшасын берiм. Соның iшiнде әр жыл жеке-жеке сипатталған. Қай жылы қандай сұлтан қоластына өткендiгi. Мына жерде Қалдан Серен туылды, мына жерде өлдi деген мәлiмет бар. Соның iшiнде былай жазылды: «1834 жылы император Қоңыркұлжаға «Қазақтан солдат алмаймын» деген жарлыққа қол қойыпты». Бұл туралы «Омбы тарихында» жазылған. Ал ендi бұл туралы мұражайдың архивiнде болуы тиiс. Мен Омбыда 4 ай болдым. Кетуге 4-5 күн қалғанда мұражай қызметкерi «Ешкiмге айтпаңыз, мен сiзге құпия бiр құжатты көрсетемiн», — дедi. Ол Кенесары туралы дерек екен. Уақытымның тығыздығынан әр жерiн ғана қарап алғанмын. Кейiннен түгелiмен түсiрiп алмағаным өкiндiм. Себебi орыстар қазақ тарихын әр жерге тығып тастаған.

1916 жылғы көтерiлiске келетiн болсақ, патша Қоңыркұлжаға берген уәдесiн орындап қазақтан жауынгер алынбады. Тек 1916 жылы жаңа патша келiп, талап өзгердi. Сол кездерi

тек қазақтан емес, барлық ұлттан жауынгер алуға жарлық берiлдi. Ал бiрақ осыған қазақтан басқа ұлт қазақтай тегеурiндi қарсылық жасаған жоқ.

Еркін Ермұқанов: Болатбек аға мұрағаттар туралы мәселені дұрыс бастады. Мәскеуде, Ленинградта 1916 жылғы көтеріліске қатысты дерек өте көп. Біз енді шамамыз келгенше, өзіміздің мүмкіндігімізше соны жинастыруға тырыстық. Әсіресе, Мәскеуде РФ-ның әскери-тарихи мұрағатына барған кезде, «бізге уақыты келген жоқ», — деп кейбір деректі берген жоқ. Ал енді мұндай деректер шыны керек, мұрағаттарда ғана сақталатын. Әлі де болса деректерді іздестіріп, 1960, 1996 жылдары шыққан құжаттар жинағы сияқты шығаруға болады. Сондықтан да алдағы уақытта осы бағытта жұмыс жасауымыз керек. Бұл мәселе бүгінгі таңда шама-шарқы жеткенше зерттеліп жатыр. Шыны керек, бүкіл Қазақстанды шарпығаннан кейін, біздің аймақтардың барлығы бірдей әлі толық көлемде зерттелген жоқ. Торғай мен Жетісу жағына көбірек екіпін салынады да, басқа аймақтар тыс қалады.

Арман Әубәкір: 1916 жылғы көтерілісті сөз етсек. Шын мәнінде, көтерілістің революциялық сипаты болды ма? Кеңес үкіметі дәлелдегендей, көтеріліс таптық күрес болды ма? Осыған қатысты не айтасыздар?

Болатбек Нәсенов: Енді ол жөнінде Ақтоба уезінің Бұлғақты деген болысының бір ақсакалының атынан императорға хат жазыпты. Сонда былай делінген: «Біз патша қоластыңызға кіргелі көп жыл болды. Сізден ешқандай жақсылық көрмедік. Бізді үнемі қанаудасыз, ессіз қалған халық сияқтымыз. Біздің шұрайлы жеріміздің бәрін тартып алдыңдар. Енді, міне, соғысты сылтауратып салықты көбейтіп жатырсыңдар. Онымен қоймай енді адамдарымызды аламыз деп отырсыңдар. Мұны тоқтатыңыз!». Осыған ұқсас хат көп жазылған. Абайдың ұлы Тұрағұл да императорға хат жолдаған. Онда былай делінген: «Жарайды, адам алма демейміз, алыңдар. Халық қарсы шығады. Халық көтерілсе, үлкен



Еркін ЕРМҰҚАНОВ:

«Көтерілістің Ресей империясының отаршылдығына қарсы бағытталғандығын 1926 жылдары Тұрар Рысқұлов та айтқан. Оның батыл пікірін қайталап айтуға бүгінде әрменсізбіз. Көтеріліс барысындағы орыс пен қазақтың арасындағы қақтығыстың себебі де айтылмайды»

бүлік шығады. Сондықтан, сендер біздің айтқанымызға көніңіздер. Біз алты ауылдан жиналыс ашып, белгілі мөлшерде адам жіберейік. Қалған адамдарды солдаттыққа емес, казактарға алыңдар дейді. Яғни ішкі тәртіпті реттеуге пайдалануға алыңдар. Осы сияқты ұсыныс өте көп болған. Ал Қарқаралыда 632 адам қол қойып



императорға хат жазыпты. Сонда айтыпты: «Бізден қалай болғанда да адам алатын түрлеріңіз бар. Сондықтан 2-3 болыс бірігіп, белгілі мөлшерде адам берейік. Егін егу үшін, мал бағуға адам қалдырайық. Сол сияқты мына шаруа халқымызды ұмытпайық. Болыстардың өзі де қарсы шыққан. Біз мысалы, Торғай облысынан Амангелдіні ғана білеміз. Ал бір ғана Қостанай өңірінің өзінен сегіз болыста көтеріліс болған. Көптеген би мен старшиналар да халықтың жағында болған.

Еркін Ермұқанов: Шын мәнінде, көтерілістің басы-қасында жүрген болыс, билер өте көп болған. Бір ғана дерек. Зайсан маңындағы



Болатбек НӘСЕНОВ:
«Мен Омбыда 4 ай болдым. Кетуге 4-5 күн қалғанда мұражай қызметкері: «Ешкімге айтпаңыз, мен сізге құпия бір құжатты көрсетемін», — деді. Ол Кенесары туралы дерек екен. Уақытымның тығыздығынан әр жерін ғана қарап алғанмын. Кейіннен түгелімен түсіріп алмағаным өкінім. Себебі орыстар қазақ тарихын әр жерге тығып тастаған»

көтерілісті Мүрсәлім Бектенов деген болыс басқарған. Ол өзінің қоластындағы халықты аман сақтап қалуы үшін, тіпті казак отрядтарымен белсене күрескен. Сондықтан да мұндай дерек өте көп. Бұл көтерілістің қозғаушы күшін кен ауқымда қарастыратын уақыт жетті. Сондықтан да бұл жерден таптық сарын іздеудің керегі жоқ. Бұл сан ғасырлардан жалғасып келе жатқан ұлт-азаттық көтерілістердің заңды жалғасы. Сондықтан да көтерілістің ұлттық бағытта болғандығын әрқашанда есте ұстауымыз керек.

Елдос Өмірзақұлы: Талас аға, Сіз 1916 жылғы көтерілісті «ұлт-азаттық» деп атауға қарсы екенсіз. Не себепті?

Талас Омарбеков: Мұстафа Шоқай көтеріліс туралы мақала жазған. Оның мақаласы «1916 жылғы көтеріліс туралы большевиктердің өтірігі» деп аталады. Қазір біз сол өтіріктен көтерілістің шындығын ашып алған жоқпыз. Мұстафа Шоқай «ұлт-азаттық» сөзін қолданбайды. «Ұлт-азаттық» сөзін қолданып жүрген мына біздер. Меніңше, «ұлт-азаттық» дегеннен арбылуымыз керек. Бұл — патша үкіметіне, оның отаршылдығына қарсы бағытталған ұлттық қозғалыс еді. Ешқандай ұлт-азаттық күрес емес. Мұстафаның мақаласын талдауды жалғастыратын болсам, ол «1916 жылғы көтерілістің баса назар

аударатын ең маңызды тұсы қайсы?» деп сұрақ қояды. Бұл сұраққа 1916 жылғы қозғалыс жалпы алғанда, ұлттық қозғалыс еді, онда таптық күрестің елесі де жоқ еді деп жауап береді өзі. Ал енді бізде осы тәуелсіздік кезінде бұл көтерілісті анызға айналдырдық. Манап Қозыбаев 1916 жылғы көтеріліс туралы: «Бұл қозғалыс көтеріліс деңгейінен шығып, революция дәрежесіне көтерілген тарихи оқиға» деп баға берді.

Мәмбет Қойгелдиевтің пікірі бойынша «1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс революция деңгейіне көтерілуі үшін қоғамдағы негізгі саяси күштердің, ең алдымен, оның мақсат-мүддесін анықтап, бағыт-бағдар бере алатын интеллигенцияның қолдауын алу керек еді» дейді. Хандардың, батырлардың емес, яғни ұлттық интеллигенцияның қолдауы керек екен. Кез келген ұлт-азаттық революцияның түпкі мақсаты болады. Сондықтан, бұл көтеріліс революция бола алмайды дейді.

1916 ұлттық көтерілісті 1917 жылғы ақпан төңкерісінің орын алуын тездетті дейді. Расында солай ма? Біз әлі тарихи шындыққа жеткен жоқпыз.

Бұл — ешқандайда ұлт-азаттық емес, рулық қозғалыс. Қозғалыс күші — казак рулары. Неге бытыранқы болғанының себебі Қарқара көтерілісі — Албан көтерілісі. Торғайдағы көтерілісте екі хан сайланды. Мысалы, қыпшақтар Әбдіғалпарды хан сайлады. Бұл — рулық қозғалыс болғанын айтуымыз керек. Халықты азат етудің орнына олар хан сайлады. Ру-руға бөлінгендіктен, орталықтан басқаратын адам болмады. Яғни бірлік болмады. Ұлт-азаттық көтеріліс болса, оны неге Алаш азаматтары басқармады. Ал Алаш қайраткерлері бұл көтерілістің ұлт-азаттық сарынға ұласа алмайтынын білді. Қазақтың жеңіске жете алмайтынын түсінді. Бұл жай ғана жергілікті жерлердегі көтеріліс болып қана қалады. «Азаттық» деген сөзді Кеңес үкіметінің тарихшылары шығарған. Ру-ру болып Ресей отаршылдығына қарсы күресті. Бірақ біріге алмады.

Арман Әубәкір: Ақ патшаға солдат беру немесе бермеу туралы Алаш зиялыларының өзіндік көзқарасы, ұстанымы бар еді. 19-43 жас аралығындағы азаматтарды әскерге жіберу мәселесі туралы қоғамда үлкен талқы болды. Сол кездегі Алаш зиялыларының көзқарасы, ұстанымы туралы айтып берсеңіздер?

Болатбек Нәсенов: Ол кезде Алаш партиясының іске кірісе бастаған кезі ғой. Партияның алдында үлкен мақсат болды. Олар алғашқы кезде Кеңес үкіметін қолдаған жоқ. Қарсы соғысты, полк болды, дивизия болды. Алашқа

күнде де жарлықтың орындалуын соза түсу еді. Қалай болғанда да — қанның төгілмеуі болатын. Кейін 1926 жылы Бөкейхановтың еңбегін қарап отырсаңыз, «Алыспаған, жұлыспаған адамға теңдік беріле ме» дейді. Яғни қалай болғанда да, алысып жұлыспасак, бізге теңдікті ешкім бермейді. О баста олардың қалағаны қанның төгілмеуі болатын. Шыны керек, олар жастар майданның қара жұмысына алынғаннан кейін сырт елге барып, халықтың қысым көрмеу мәселесіне баса назар аударды.

Арман Әубәкір: Кейбір майданға алынған әскер қатарына жағдай жасалмай, қажетті азық-түлікпен, бапанамен қамтылмағаны туралы да дерек кездеседі ғой.

Еркін Ермұқанов: Расында, қайсыбір құжат деректерінде қабылдау пункттерінде топ-топ болып, әскерге алынғандар екі айлап, ас-сусыз жатырмыз, арамызда ауруға шалдыққандар бар, «не бізді алыңыздар, не бізді кері қайтарыңыздар» деген мәнде жазылған шағымдарын Мемлекеттік Дума депутаттарына жолдады. Майданға жеткенге дейінгі олардың көрген бейнеттері өз алдына зерттеуді талап етеді.

Талас ОМАРБЕКОВ:

«Бұл — рулық қозғалыс болғанын айтуымыз керек. Халықты азат етудің орнына олар хан сайлады. Ру-руға бөлінгендіктен, орталықтан басқаратын адам болмады. Яғни бірлік болмады. Ұлт-азаттық көтеріліс болса, оны неге Алаш азаматтары басқармады»



Арман Әубәкір: Көтеріліс Қазақстанның барлық аймағын қамтыды. Бірақ әрбір аймақтың өз ерекшелігі, қарсыласу деңгейі, хронологиялық созылуы әрқилы болғанға ұқсайды...

Болатбек Нәсенов: Расында, көтеріліс әр жерде әртүрлі болды. Мысалы, Ақтауда, Мақатта болыстар қарсы шықты. Халық болыстарымен бірге болған соң көтеріліс те қуатты болады. Зайсан, Күршім өңірлерінде казактарда армия көп болған. Сондықтан, аяусыз басып-жаңшылды. Тараз, Шымкент көтерілістері туралы да деректер аз. Негізінен, көтеріліс ол өңірлерде де болған. Ал Қорғалжында көтеріліске 12 мың адамға дейін қатысқан. Көтеріліс бірінде ұзаққа созылса, бірінде тез басылған.

Арман Әубәкір: Жазалаушы отрядының еш жазығы жоқ, қарапайым халықты да аяусыз жазалағаны айтылады...

Болатбек Нәсенов: Алматы орталығының архивінде Қапал уезінің көтерілісі туралы дерек бар. Сонда Осипов деген полковник жүздіктерді алып шыққан. Олар бірнеше топқа бөлініп ауылдарды аралайды. Ал осы полковник, алдынан кездескен бірнеше отбасының мүшелерін жазықсыз қылышымен шауып тастаған.

Талас Омарбеков: 1916 жылғы көтеріліс тақырыбы аса терең зерттеле қоймаған. Жоңғар шапқыншылығына қарсы соғысқан батырлардың дені көбейді де, Амангелді сияқты ұлт-азаттық көтерілістің батырлары тасада қалып қойды. Ұзақ Жәменке, Бекболат — барлығы да тасада қалды. Жалпы, бүгінде бұл тақырып зерттеліп жатқан жоқ. Зерттейтін ғалым да жоқтын қасы.

Бастама

Манғыстау облысы әкімінің орынбасары Шолпан Илмұханбетованың айтуынша, өңірде шағын және орта бизнесті дамыту — маңызды мәселе. Ол «Манғыстау облысының әкімдігі шағын және орта бизнесті қаржылай қолдауды қамтамасыз ету үшін барлық мүмкіндікті пайдаланып отыр. Бұл бағытта өңірімізде кәсіпкерлікті қолдайтын және қаржыландыратын бағдарламалар белсенді іске асырылуда. Өткен жылы «Бизнестің жол картасы — 2020» бизнесті қолдау мен дамытудың бірінші бағдарламасы аясында 1306, ағымдағы жылдың 6 айында 82 жана жұмыс орны құрылды. 2015 жылы арнайы комиссия отырысында ауылдағы кәсіпкерліктің көкжиегін кеңейту мәселесі талқыланып, несие алудың қиындықтары айтылды. Сондықтан

Жуырда «Достық үйінде» өткен облыстық қоғамдық кеңестің кезекті отырысында шағын және орта бизнестің буынын бекіту, кәсіпкерліктің көсегесін көгерту мәселесі ортаға салынып, шешу жолдары қарастырылды.



Бизнестің буынын бекіту үшін...

«Атамекен» өңірлік кәсіпкерлік палатасының бастамасымен, облыс әкімдігінің қолдауымен шағын қаржы ұйымын аштық», — деді. Әкімнің орынбасары аймақта кәсіпкерлікті қолдайтын 5 негізгі бағдарлама жұмыс жасап тұрғанына да тоқталды. Мәселен, «Жұмыспен қамту жол картасы — 2020» бағдарлама аясында шағын несиелеуге республикалық бюджеттен 690 млн теңге бөлінді. Сондай-ақ бағдарламаның жана бағыты шенберінде шағын несиелеуге 120 млн теңге қаралған. Ауылдағы кәсіпкерлікті қолдауға және дамыту бағытында шағын несиелеуге жарты миллиард

теңге қарастырылып отыр. Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын «Жұмыспен қамту жол картасы — 2020» бағдарламасына жұмыссыздар, өзін-өзі жұмыспен қамтушылар, кәсіпкерлер де қатысып, несие алуына болатынын да айтты.

Шолпан Лазарқызының хабарлауынша, 2015 жылдың қорытындысы бойынша облыста 500 млн теңге несие берілген. Оның басым көпшілігін Бейнеу, Мұнайлы, Манғыстау аудандарының кәсіпкерлері алыпты. Облыс әкімінің орынбасары өз сөзінде ауыл кәсіпкерлеріне жергілікті жерде мәселелерін шешуге

барлық жағдай жасалғанын атап өтті. Сонымен қатар бүгінде Мұнайлы және Түпқараған ауданында бизнес инкубатор салу жоспарланған. Жаңаөзендегі технопаркте жобаларды жүзеге асыру жағы кемшін түсіп отырғанын жеткізді.

«Өңірлік палатада шағын және орта кәсіп иелеріне 70-тен аса қызмет түрі көрсетіледі. Бүгінде қызмет түрлеріне деген сұраныс артып отырғандықтан, қызметкерлер қатарын көбейтуді қолға алдық. Соңғы 2 жылда 2 мыңнан аса кәсіпкер білімін шыңдады. Облыс әкімдігімен бірлесе жылыжай, түйе шаруашылығын және

аквामәдениетті дамытуға ден қойдық. Кәсіпкерлер кезігетін жер мәселесін де хал-қадірімізше шешіп беруге жұмыстанамыз» деген «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасының облыстық филиалы директоры Олжас Қаржауов сервистік қызмет көрсететін шағын индустриалды аймақ құру жөнінде ұсыныс білдіріп, Мұнайлы ауданында салынатын бизнес-инкубатордың жобасын таныстырды.

Жиын барысында кеңес мүшелері кәсіпкерліктегі көкейтесті мәселелерді талқылап, ұсыныс-пікірін білдірді.



ӨЛКЕ

www.jasqazaq.kz

E-mail: jas_qazaq@mail.ru



5

ҚОЛДАУ

Маман-тапшылығын шешу жолы

Ақтау қаласында техникалық мұнай өңдеу және құрылыс саласының мамандарына арналған семинар өтті. Біліктілікті арттыру семинарына «Стандарттау және сертификаттау институты» мен «Қазақстан метрология институты» республикалық мемлекеттік кәсіпорындары, «Ұлттық аккредиттеу орталығы» ЖШС, Стандарттау бойынша техникалық комитеті және Энергетика министрлігінің мамандары дәріс оқыды.



тәртібі болуы керек. Ең бастысы, өнімде сатылымға шығарылған өнімнің қауіпсіз екендігіне кепілдік беретін Еуразия экономикалық одақтың танбаланған тауар белгісі болуы шарт. Бұл — бірінші кезекте тұтынушыға қажет.

М.Гаттитулина «Облысымызда көптеген кәсіпорындарды аралауға шығып жүрміз. Сонда байқағанымыз, кәсіпкерлер дайын шикізат өнімдері мен қажетті қондырғыларды сатып алады да, өнімді шығарады. Ал тұтынушылар болса қоспасыз, таза өнім алғысы келеді. Кез келген кәсіпорын өнімі өтімді болуы үшін бекітілген талапқа сәйкес жұмыс істеуі керек. Көптеген кәсіпорында сапа, техникалық реттеу және менеджмент жүйесіне жауапты білікті маман



кеңесшісі Қазкен Оразалинаның бензин қоспасы, биозатон, үлкен қысымда жұмыс жасайтын жабдықтау, газ құю бекеті және басқа да қондырғылар кезінде қауіпсіздік шараларын сақтауда қойылатын негізгі талаптарға тоқталды. Техникалық ғылым кандидаты, сарапшы-аудитор Қайрат Садыханов түрлі ғимарат, құрылыс материалы, әсіресе темірбетон және басқа да бетон бұйымдары, металл мен ағаш конструкциясы кезінде сақталуы тиіс қауіпсіздік шарасы жөніндегі тәжірибесімен бөлісті.

«Қазақстан стандарттау және сертификаттау институты» Манғыстау облыстық филиалының директоры Марина Гаттитулианың айтуынша, өндірушілерді өздерінің тауарын экспортқа шығару мәселесі алдандаты. Отандық өнімді шет мемлекеттердің нарығына шығару үшін Еуразия экономикалық одақпен бекітілген барлық тәртіп сақталуы тиіс. Растама үлгісі және декларацияның сәйкестігі, өзге нарыққа шығу жолының енгізілген

тапшы. Кейбір мекемелерде бекітілген рецептура, техникалық нұсқаулар мен нормативтік құжат жоқ. Сол себепті компаниялар осы мәселеге аса мән бергені дұрыс», — деді.

Семинарға қатысушылар өзін толғандырған мәселе бойынша мамандарға сауал қойып, тұшымды жауап алды. Семинар соңында «Қазақстан стандарттау және сертификаттау институты» облыстық филиалының директоры 60-тан аса қатысушыға сертификат табыстады. Оның айтуынша, биыл еліміз бойынша өнеркәсіптің 14 секторында 1300 қызметкер техникалық реттеу, стандарттау, сәйкестікті бағалау, аккредиттеу, метрология сипаттамалары және негіздері бойынша біліктілігін жетілдірді.

Осымен екінші жыл ұйымдастырылған семинар келесі жылы да жалғасын тауып, тамақ өнеркәсібі және автокөлік жолына арналмақ.

Жаңа технология

Өндірістің өрісі кеңейген сайын тауарлық мұнайдың сапасын есепке алу және бақылау дәлдігін қамтамасыз етіп, қабылдап алу-тапсыру кезінде ауытқуды болдырмайтын жаңа қондырғыны орнату қажеттілігі туындады. «Манғыстаумұнайгаз» АҚ басшылығының тапсырмасы бойынша Жетібай кен орнында мұнай сапасының көлемі мен көрсеткіштерін өлшейтін жүйенің құрылысы басталған-ды. Қондырғы «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасының мұнайды дайындау және айдау цехының аумағында орналасқан. Тауарлық мұнай сапасының көлемі мен көрсеткіштерін өлшейтін жүйе сүзгіштер, өлшегіш желілер, мұнай сапасының көрсеткішін өлшеп қадағалау, қондырғыны тексеру және акпараттарды өңдеу блогы сияқты бірнеше тораптан тұрады.

Мәселен, көрсеткіштерді өлшеп қадағалайтын блок мұнайдың коммерциялық есебін шығару желісінің құрамдас бөлігі болып табылады. Құбырмен айдалатын тауарлық мұнайдың көлемінің есебі де осы жерде жасалады. Мұнай көрсеткішінің сапасын өлшейтін блок жиілік реттейтін орталықтан, тепкіш сорғылардан, «Solatron 7835» автоматтандырылған сынамасынан және мұнай тығыздығын түрлендіргіштен тұрады. Ақпаратты өңдеу блогының құрамына мұнайды

Өндірістік өрлеуді бетке алған «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасы отандық өнеркәсіптің өзегін талдырмай, экономиканың негізін құрайтын мұнай-газ саласының өрісін кеңейтуге басымдық берді. Инновациялардың ағынына ілескен басқарма озық технологияларды кезең-кезеңімен қолданысқа енгізіп, өндірістегі өркенді жолды жалғастырып келеді. Жуырда мұнайшылардың техникалық қауіпсіздігін қорғай отырып, еңбек өнімділігін еселеуді межеге алған өндіріс ошағында болып, тәжірибелік сынақтан сәтті өткен жаңа қондырғының қызметімен танысып келдік.

есептеу дәлдігін арттыру үшін ерекше маңызды болып табылатын, ауқымды есепті шешуді қамтамасыз ететін екі «FloBossS600» шығын

Барлығы автоматтандырылды

бақылаушысы енгізілген. Бұл құралдар өлшеумен қатар акпарат өңдейтіндіктен «интеллектуалды» санатқа жатқызылады.

Мұнай дайындау және айдау цехының басшысы Алтай Әлсиховтың айтуынша, операторлар бұрын қол еңбегімен атқарған жұмысты есеп торабының автоматтандырылған жүйесі арқасында автоматты түрде басқарып отыр. Олар компьютер мониторындағы барлық параметрлерді бақылап, технологиялық процесті



басқарады. Сондай-ақ мұнай айдауды қосып, тоқтатады, айдау режимін реттейді және басқа да жұмысты атқарады. Қандай да бір сәтсіздік туындаса, шұғыл іске кірісіп, жағдайды қалыпқа келтіре алады.

Мұнай дайындау және айдау цехының басшысы Алтай Әлсихов — операторлар жұмыс барысында тасымалданатын «қара алтынның» параметрлері ГОСТ-қа сәйкес болуын қадағалайды. Есеп жүйесі мамандар үшін өте тиімді. Есеп торабы дәстүрлі

әдіспен салыстырғанда көпфункционалдық, автоматтандырылған есеп, өлшеудегі кемшіліктердің азаюы, өндірістік және экологиялық қауіпсіздіктің артуы, жаппай шығынның тікелей өлшенуі сынды артықшылыққа ие. Жаппай шығын өлшегіштерді қолдану тексеру жұмысын жеңілдетіп, шығынды азайтады, — дейді.

Бетті дайындаған
Фарида МҰНАЛҚЫЗЫ



Түйткіл



Комиссия отырысында облыстық мәдениет басқармасының басшысы Бекбол Базарбаевтың «2015–2016 жылдары облыс көлеміндегі тарих және мәдениет ескерткіштеріне жүргізілген қорғау-сақтау шаралары туралы» баяндамасы тыңдалды.

Облыстық мәдениет басқармасының басшысы Бекбол Танатарұлы «Өткен жылы жүргізілген зерттеу жұмысының нәтижесінде 18 тарихи–мәдени мұра нысаны анықталып, есепке алынды. Сондай-ақ Тобықтыдағы «Бекет ата» жерасты мешіті, «Ешкіқырған», «Үшшонқал», «Қостам», «Қостам-1», «Қосбайыр» қорымдарына ғылыми қайта қалпына келтіру жұмысы жүргізілді. «Маңғыстау мен Үстірттің ескерткіштері», «Сисем ата қорымының араб жазуындағы эпиграфикасы», М.Тұрсынованың «19 ғасырдың 2-жартысындағы Маңғышлақ казактары» кітабы мемлекеттік және орыс тілінде жарық көрді. Маңғыстау ауданындағы «Орта ғасырлық Қызылқала қалашығы», «Алтын казған діни-кабірлеу кешені», Түпқараған ауданындағы «Кетік қалашығы» және Түпқараған ғибадатханалары» ескерткіштерінде археологиялық зерттеу жұмыстары жасалды», — деді.

Камқоршы мекемелердің жұмысына тоқталған басқарма басшысы «Тенге» біріккен кәсіпорнының «Есалы» қорымына орнатқан қорғау тактасы мен жол сілтегіші талапка сай еместігін айтып өтті. «Ақтау электр желілері бөлімі» МКК қорғау тактасы мен жол сілтегішті бір айдын ішінде орнататынын, «Каспий Меруерт Оперейтинг Компани Б.В» «Ишан-кожа» қорымы мен жерасты мешітіне қоршауды, қорау тактасын, жол сілтегішін салуға мүмкіндігі жоқ екенін жеткізді. «Бейнеу



Сайыс

Жыл басынан бері 2 мәрте ұйымдастырылған сайысқа «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамының орталық аппараты, «Жетібаймұнайгаз», «Қаламқасмұнайгаз» өндірістік басқармаларының командалары қатысты. «Маңғыстау-мұнайгаз» АҚ жұртшылықпен байланыс жөніндегі департамент маманы Ғани Әбдісадық «Жыл басында өткізілген «Брейн-ринг» зияткерлік сайысы ел



Қойнауы толы «қара алтынын» ел игілігіне жаратқан «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасының 50 жылдығы мерейлі мерекесіне орай «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамында «Брейн-ринг» зияткерлік ойыны ұйымдастырылды.

Зияткерлік ойында зеректік керек



Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған болатын. Бүгінгі ойын Қазақстан Республикасының Кәсіподақтары күніне орай өткізіліп отыр. Ағымдағы жылдың аяғына дейін мұнай-газ кешені қызметкерлерінің күнінде

Ескерткіштерімізді ескеріп, мұрамызды сақтайық! Маңғыстау облысы әкімдігінің мәжіліс залында тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау жөніндегі комиссияның отырысы болды. Өңір басшысының орынбасары Бану Нұрғазиеваның төрағалығымен өткен жиынға комиссия мүшелері, аудан әкімінің орынбасарлары, мәдениет, спорт және дене шынықтыру бөлімінің басшылары мен ескерткіштерді қорғауға бекітілген мекемелердің өкілдері қатысты.

астық терминалы», «АЛЗ», «Каспий-Ақ» ЖШС, «Дельта банк», «Қазкоммерцбанк», «Сбербанк России» АҚ өздеріне жүктелген жауапкершіліктен жалтарып отырғанын қаперге салды.

Оның айтуынша, «Арман» бірлескен кәсіпорны», «Тасболат ойл корпорейшн», «ТұлпарМұнайСервис», «Тенге» біріккен кәсіпорны», «Теніз сервис», «Ойл Сервис Компани» ЖШС, «Маңғыстау электротораптық бөлу компаниясы»



АК, «Каскор-Машзавод» АҚ, «Ақтау халықаралық теңіз сауда порты» ҰК» АҚ, «Каспий жылу, су арнасы» МКК және тағы да басқа компаниялар тарих және мәдениет ескерткіштерінің аумақтарында сенбілік жүргізіп, қоршаулары мен жол сілтегіштерін жөндеу, сырлау жұмысын жасаған.

Жиында аудан әкімінің орынбасарлары, мәдениет, спорт және дене шынықтыру бөлімінің басшылары тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау бағытында жасалған жұмыстан хабардар етті. Мәдени мұраларды қорғауға бекітілген мекемелердің өкілдері ұсыныс-пікірін айтып, ойын ортаға салды.

Жиынды қорытындылаған облыстық мәдениет басқармасының басшысы Бекбол Базарбаев аудан әкімдіктеріне өз аумағындағы тарих және мәдениет ескерткіштеріне камқоршылық жұмыстарын жоғары дәрежеде ұйымдастыруды тапсырып, «Тарих және мәдениет ескерткіштеріне қоғамдық камқоршылықты бекіту туралы» қаулыға өзгеріс енгізілетінін хабарлады. Сондай-ақ облыстық және қалалық мәслихат депутаттары мен мекеме атаулары өзгергендіктен, кезекте тұрған тарихи-мәдени мұраларымызды қорғау-сақтау мақсатында оларды камқоршылыққа бекіту міндеті тұрғанын жеткізді.

және Тәуелсіздік мерекесінде ұйымдастырамыз. Ақтық сайыста жыл бойғы өткен сайыстар қорытындыланып, жүлде беріледі. Сайысқа «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ қызметкерлерінің жергілікті кәсіптік одағы» қоғамдық бірлестігі демеушілік көрсетті», — деді.

Майталман



Өндірісті өлкемізде өркениетті өзгертіп, тұрмысымызды түзеген шикізаттың шежіресі сонау 1961 жылдың 5 шілдесінен бастау алғаны белгілі. Жетібай жерінде Маңғыстау мұнайының алғашқы тамшысы тамған сәттен бері «қара алтынның» тасқыны әсте толастаған емес. Елу бес жылдан бері бір өңірдің ғана емес, бүтін бір елдің ырысына айналған байлықтың көзін ашып, өндірістің өрісін кеңейткен майталман мұнайшылар еңбек дәстүрі мен ұрпақ сабақтастығын қалыптастырды. Майлы қиян Маңғыстауда алғашқы №6 ұңғыдан мұнай бұрқағын ашқандардың бірі – Нұрмұхан Қанатбаевтың шаңырағында болып, әңгімелескен едік.

Түбек мұнайын түлеткен...

Таушықтағы Шахта орта мектебінен сауат ашқан Нұрмұхан аға өкесінің жұмысына байланысты 10-сыныпты Форт-Шевченкодан оқып бітіріпті. Оқып жүргенде жан-жақтағы жоғары оқу орындарынан өкілдер келіп, әртүрлі мамандыққа бағыт-бағдар береді.

— 1958 жылы «Маңғыстаумұнайгазбарлау» тресінен келген мамандардың: «Жерді игеруге жергілікті кадр тартылуы тиіс. Сондықтан сендер оқып-тоқып, елге қызмет етіңдер» деген сөзі әлі есімде. Сол сөз бізге камшы болып, мектеп бітірген екі сыныптағы ұл балалардың барлығы емтихан тапсырғаннан кейін комсомолдың жолдамасымен Қызыл учаскесіне барды. Ол кезде Қызыл мен Түбіжік жерінде барлау жұмыстары жүргізіліп жатқан-ды. Қызылға жақын Имағамбет дейтін жерде екі айлық курста бұрғышының көмекшісі мамандығын оқып, қолымызға куәлік алдық. Сол уақытта әкем Жетібайға нан пісіруге жұмысқа жүретін болып, мені сонда шақырды. 1958 жылдың желтоқсанының айында №1 мұнай барлау алаңы, кейін №2, 4 ұңғы іске қосылды. 1960 жылы қыркүйекте №6 ұңғыдан барлау жұмысын жүргізуді басталдық. Менімен бірге оқыған жігіттер Имағамбетте, Түбіжікте, Қызанда қалды. Барлау-іздеу жұмыстарына жан-жақтан жұмыс күші тартылды, — деді бұрынғыны еске түсірген кейіпкеріміз.

Қиындығы мол, жауапкершілігі жоғары бұрғылау жұмысы жалғасын тауып, аландар қазылып, жаңа қабаттар сыналған сәтте №6 ұңғыдағы еңбек бригадасы 3 ауысымда 8 сағаттан жұмыс жасады. Терең бұрғылау-барлау жұмысына Хасан Тәжиев, инженер Қуан Қазиев, геолог Вадим Тевяшев басшылық етті. 1961 жылдың 5 шілдесінде Николай Петровтың бригадасы бұрғылап жатқан №6 ұңғының 2383-2389 метр тереңдігінен қуатты мұнай бұрқағы атқылады. Маңғыстау мұнайының тарихындағы сәтті Нұрмұхан аға көз алдымызға келтірді:



— Алғаш мұнай бұрқағы атқылаған түні бұрғышы Кемелхан Берікбосынов екеуімізді басқа ұңғыда жұмыс күші жетіспей сонда жіберген еді. Түн мезгілінде шапшыған қуатты мұнай бұрқағын бригадада Найзабек Толтырбаев, Сайлаубай Смағұлов, Ермұхан Таужанов, Бисенғали Бәжіков, Сабыр Бисенов, Жолдас Токжанов, Санатбай Масатов, Кенебай Тұрмағанбетов, Қайып Азанбаев және тағы да басқа азаматтар ауыздықтады. Ұңғының ішіндегі ең қою әрі салмағы ауыр ерітіндіні шығарып, орнына су айдау керек болатын. Судың меншікті салмағы аз болғандықтан, мұнай бұрқағы атқылады. Мұнара мұнайға шомылған, айналада қара май шылқып жатыр. Қуанышымызда шек жоқ. Майды мандайымызға тигізіп, бетімізді жуып, мәре-сәре болдық. Найзабекті басшылыққа, жан-жаққа жергілікті халыққа жаксы жанапалықты жеткізуге жұмсады. Мұнай барлау алаңынан 600-700 метр жерде қоныстанған халыққа абай отыруды ескерттік. Халық атпен, түйемен келіп көріп, қуанып жатты. Бұрын естісек те, көзіміз көрмеген ырыс елдің еңсесін көтеріп, халықтың тұрмысын түзеді, — деп 55 жыл бұрынғы ел өміріндегі елеулі оқиғаны әңгімеледі.

Әзірбайжан мен Ресейден апат бригадалары келіп жеткенше үш күн, үш түн бойы арпалысқан жергілікті бұрғышылар *(бірді-екілі өзге ұлттар болмаса, басым көпшілігі қазақтар)* аса қуатты бұрқақты бітеді. Мұнай бұрқағынан 3 күн бойы атқылаған «қара алтынның» көлемі 3 мың тоннаға жетіпті. Кейін басқа жақтан келген мамандар маңғыстаулық бұрғышылардың біліктілігі мен тәжірибесіне қайран қалыпты. Мұнай кенішін іздестіруде із қалдырған бұрғышылардың толағай табысы Жетібайдың атын көпке танымал етті. Ел қазынасын еселеп, биіктен көріне білген барлаушылардың есімі Маңғыстау мұнайының тарихында жазылды.

Қазыналы өлкенің қойнауынан «қара алтынның» тынысын ашқан Нұрмұхан Қанатбаев өңірде мұнай-газ саласының дамуына қосқан елеулі үлесі үшін облыс әкімінің Құрмет грамотасымен, бірнеше мәрте Мұнай-газ кешені қызметкерлерінің күніне орай Алғыс хатпен, «Маңғыстаумұнай мұнайына-50 жыл», «ҚР Тәуелсіздігіне -10 жыл», «Маңғыстау облысына — 40 жыл», «Геологиядағы зор еңбегі үшін» медальдарымен марапатталған. Жетібайда еңбек жолын бастап, түбек мұнайын түлеткен Нұрмұхан аға 2004 жылы «Қаламқасмұнайгаз» өндірістік басқармасынан зейнеткерлікке шықты.

Бетті дайындаған
Фарида МҰНАЛҚЫЗЫ

Ұлт саулығы

Талдықорған қаласында тағы да бір нысан ел игілігі үшін пайдалануға берілді. Халықты сапалы медициналық қызметпен қамтамасыз ету – мемлекеттің басты міндетінің бірі. Сол мақсатты орындау үшін Алматы облысы да талпынып жатыр. Оның бір дәлелі ретінде жақында ашылған көпсалалы аурухананың заманауи үлгіде жабдықталып, науқастың ем қабылдауына барлық жағдай жасалғанын айтуға болады. «100 мектеп, 100 аурухана» мемлекеттік бағдарламасы аясында бой көтерген бұл нысанға жалпы алғанда, 9,3 миллиард теңге қаржы жұмсалған. Оның 7484 миллионы республикалық бюджет есебінен болса, 1887 миллион теңгесі жергілікті бюджеттен бөлінген. Аурухананың салтанатты ашылуына облыс әкімі Амандық Баталов қатысып, елімізде денсаулық саласының дамуына көп көңіл бөлініп отырғанын айтты.

Амандық БАТАЛОВ,
облыс әкімі:

— Ел тәуелсіздігінің 25 жылдығы қарсаңында бой көтерген көпсалалы аурухана біздің ортақ игілігіміз үшін есіңіз айқара ашты. Жаңа ғимарат тек қалалықтар үшін ғана емес, облыс халқы үшін аса маңызды. Аталған нысан салынып жатқан кезде бірнеше рет келіп, құрылыс жұмысының қалай жүріп жатқанын көріп қайттым. Бүгін, міне, мемлекет тарапынан қолдау тапқандығының нәтижесінде жоспарымыздың орындалғанына барлығымыз бірдей куә болып тұрмыз. Жетісудың еңкейген қариясынан, еңбектеген баласына дейін енді заманауи ауруханада емделетін болады. Әрбір азаматтың денсаулығын нығайтуға, қорғауға барынша жағдай жасалып отыр. Құрметті медицина қызметкерлері, мұндағы ең озық медициналық құрал-жабдықты күтіп ұстап, халықтың игілігіне жаратуды негізгі міндет деп түсініңіздер. Ұлт көшбасшысының бізге артқан сенімін ақтап, халық үшін еңбек етейік. Жаңа нысан үнемі жақсылықтың жаршысы болсын деп тілеймін. Денсаулық саласының дамуына жыл сайын көптеп көңіл бөлінуде. Осы салаға бөлінетін қаражат жылдан-жылға артып, облыста бұл көрсеткіш биыл 80,1 миллиард теңгеге жетті. 2015 жылы 67,8 миллиард теңге бөлінген.

300 төсектік Талдықорған көпсалалы ауруханасы жалпы құны 4 094 миллион теңге болатын заманауи медициналық құралмен, техникамен жабдықталған. Халыққа қызмет көрсететін 676 кадрлық бірлік болса, оның 143 білікті дәрігер. Ғимараттың жалпы алаңы 33885,6 шаршы метрді құрайды. Ауруханада

станционарлық жоғары кәсіби медициналық көмек көрсетіледі. Оның құрылымында терапия, хирургия, политравма және калпына келтіру ортохирургиясы, нейрохирургия,

облыс әкімі пәтер кілтін табыс етті. Денсаулық сақтау саласының ардагері Шәймерден Садықов жетісулықтарға ақ жарма тілегін білдіріп, жас мамандарға ақыл-кеңесін айтты. Жиында «Астана Құрылыс» компаниясының бірінші



миниинвазивті хирургия, оториноларингология және жак-бет сүйек хирургиясы, урология және офтальмология бөлімі жұмыс істейді. Құрал-жабдықтың ішінде магнитно-резонанстық томография, эксимерлік лазер, барокамера, эндобейнехирургиялық құрылғы бар. Аты аталған кейбір медициналық құрылғылар еліміздегі санаулы мекемеде ғана қолданылады.

Аурухананың ресми ашылу салтанатына жиылған аурухананың медицина қызметкерлері арасында өзіне жүктелген міндетті адал атқарып жүрген бірнеше қызметкерге

вице-президенті Қайрат Тандықбаев аурухананың бас дәрігері Сәуле Құсмолданаоваға ғимараттың кілтін тапсырды. Жақсылыққа жиылған ел ағалары көпсалалы аурухананың лентасын салтанатты түрде қиды.

Шәймерден САДЫКОВ,
денсаулық сақтау
саласының ардагері:

— Ақ халат — денсаулық сақтаудың символы. Жауапкершіліктің ауыр салмағын арқаалаған абзал жандардың үстіне ілген киімі мен көңілін ешқашан кір шалмаса екен деп тілеймін. Ең бастысы адамгершілік деген ардың туын төмен түсірмесеңіздер болғаны. Өйткені, сіздер адам жанының санитарысыздар. Ал ертеңгі күннің тізгінін ұстайтын



Жарыс

Жас инспекторлар слеті



Еліміздің Ішкі істер министрлігі әкімшілік полиция комитетінің бастамасымен Талғар қаласында 16-республикалық жас инспекторлар слетінің ашылу салтанаты өтті. Халық қаһарманы – Ғазиз Байтасовтың құрметіне арналған жас жол сақшылары жарысына әр облыстан ең мықты деп танылған команда қатысты.

Нұрслам ІЗТІЛЕУОВ,
қатысушы:

«Бүгінгі шараға қатысуға Атырау қаласынан келдік. Біздің команда бұл жарысқа ұзақ дайындалды. Біз аудандық, облыстық көлемде ұйымдастырылған слеттің жеңімпазымыз. Қандай кедергілер болса да бәрін жеңеміз»

Иван ЛИ, қатысушы:

«Атырау қаласының №15 мектебінің оқушысымын. Жас инспекторлар слетіне жиі қатысамын. Мен үшін ең айтулы сайыстың бірі. Себебі әрбір бала жол жүру ережесін жетік білуі тиіс. Сондықтан, біздің команданың жеңіс төрінен көрінуі үшін бар күшімді аямаймын»



Мақпал НОҒАЙБАЕВА

Сапар

«Нұр Отан» партиясы төрағасының бірінші орынбасары Мұхтар Құл-Мұхаммед жұмыс сапарымен Алматы облысына келді. Өңір әкімі Амандық Баталовпен бірге шаруалармен кездесіп, қант зауытының жаңғыртылуы барысымен танысып, басымдыққа ие мемлекеттік бағдарламалардың жүзеге асуының сапасын бағалады.

Мемлекеттік бағдарлама БАҚЫЛАУДА

Ауыл шаруашылығы — Алматы облысының негізгі табыс көзі. Сонымен бірге бүгінгі күні өңірде ауыл шаруашылығы өнімін тереңдетіп өңдеуге баса назар аударылууда. Миллиардтаған теңге салынған Көксу қант зауытын жаңғыртудың қарқыны — осының жарқын мысалы.

Тартылған инвестициялардың арқасында кәсіпорын өндіріс көлемін ұлғайтып, жылына 25 мың тоннаға дейін қант шығаруға қол жеткізе алады. Осылайша қант өндірісін толыққанды жаңартуға қарымды қадамдар жасалып

болмайтынын айтты. Сондай-ақ ол партияның облыстық филиалына мемлекеттік бағдарламалардың орындалуына бақылауды күшейтуді тапсырды.

Облыс орталығында жанадан салынған «Жастар» саябағы мен Қаратал өзенінің жағалауындағы демалыс аллеясын да аралады.

Қаладағы «Талдықорған» индустриалдық аймағында болған М.Құл-Мұхаммедке облыстағы «Gate City», «Қазбек бек», «Қайрат», «Арна», «Боралдай» сияқты индустриалды



отыр. Бұл — мемлекет басшысының өңір экономикасын дамытуға байланысты қойған басты талабының бірі.

Алматы облысы Елбасының «Нұрлы жол» бағдарламасын жүзеге асыруда маңызды рөл атқарады. Аталған инфрақұрылымдық жоба шеңберінде 2016 жылы Жетісуға 36 миллиард теңге бөлінді. Қаржының негізгі бөлігі көлік дәлізін дамытуға бағытталды.

Мұхтар Құл-Мұхаммед «Алматы — Өскемен» автомагистралін жаңғыртудың барысымен танысты. Алматы облысының өтетін жол аумағының ұзындығы 141 шақырымды құрайды. Табиғаттың қолайсыз жағдайынан биылғы жылы жұмыс барысы созылып кетті. «Нұр Отан» партиясы төрағасының бірінші орынбасары «Нұрлы Жол» бағдарламасының Президенттің ерекше бақылауында екенін құрылысшылардың есіне салып, орындалу мерзімін кешіктіруге

шыңын бағындыруы тиіс. Осы жолда біз аянып жатқан жоқпыз. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев, облыс әкімі Амандық Баталов мүмкіндік беріп, барлық жағдайды жасап, зор сенім артуда. Соның нәтижесінде пәтер кілтіне ие болдым. Бұл — мен үшін үлкен қуаныш. Ендігі біздің міндет — халық денсаулығын жақсарту. Бұл — біздің азаматтық парызымыз.

Райхан ШОҚПАРОВА,
емделуші:

— Ауыр жарақат алып, ауруханаға түстім. Жаңа, заманауи аппаратпен ота жасалды. Шүкір, барлығы



да сәтті өтті. Енді, міне, бір аптадан асты, ем алып жатырмын. Дәрігерлер мен медбикелер күндіз-түні денсаулығымызды жиі-жиі тексеріп, дәрі-дәрмегімізді уақытысымен береді. Өз басым өте ризамын. Қаниама науқас емделіп, сауығып отбасына оралып жатыр. Халықтың жағдайын ойлаған басшыларға аналық алғысымды айтамын.

Шынарғұл ОНАШБАЙ,
Алматы облысы


Сонымен қатар ол биылғы жылы Индустриалды-инновациялық даму бағдарламасының екінші кезеңі басталатынын, бұл орайда индустриалды аймақ құрып, жана кәсіпорындар салудың аса маңызды екенін айтты.



DODA

www.jasqazaq.kz


E-mail: jas_qazaq@mail.ru

Әділбек
НИЯЗЫМБЕТОВ:

Тандан қойған аруым бар

— Әділбек жеңісін құтты болсын! Дегенмен іштей өкініш болған шығар. Қазір сол өкініш басылды ма?

Әділбек Ниязымбетов: Иә, басылды. Бірақ әлі де бокс есіме түссе, өзекті өкініш өртейді. Бокс әңгіме болған жердің бәрінде,



Әділбек Ниязымбетов: Иә, барлығы солай үміт артты. Алтын алсақ деген мақсатпен келдік. Бұл бұйырғаны деп ойлаймын. Өздеріңіз көргендей, алтын тұрмақ ештеңеге де ілінбегендер де болды. Қаншама спортшыларымыз ілініп тұрған медальдан айырылып жатты. Жәнібек Әлімханұлы, Олжас Сәттібаев, Қайрат Ерәлиев сынды спортшыларымыз үлкен дайындықпен келген еді. Олар да өкініш білдіреді. Тек бұл спортшылар ғана емес, бүкіл құрама командамыз жаксы дайындықпен келді. Еліміздің атынан келген барша спортшыларымыз барынша күш сала білді. Ал біздің спортшыларды өзгелер мойындап жатқанын байқадым. «Қазақстан құрамасының өкілдері жігерлі-қайсарлы» деп танданысын білдіруде.

— Сенімен Ла Крустың финалда кездесетінін жанкүйерлер топшылаған болатын. Өзі де солай болды. Бұл кездесуге қандай дайындықпен шықтың?

Әділбек Ниязымбетов: Бұл кездесуге есемді қайтарамын деген мақсатпен шықтым. Қолымнан келген барлық күш-жігерімді салдым. Алайда есемді қайтара алмадым.

— Бірінші раундқа шыққанда едәуір күшпен жүрдің. Тізгіңді бірден қолға алуға тырыстың. Дегенмен біраз соккылар жіберіп алған сияқтысың?

Әділбек Ниязымбетов: Иә, бірінші раундтан бастап, ұпай алу керек болды. Сондай қарқынмен бастадым. Қарсыласымның әдісі екінші нөмірде жұмыс жасау екен. Болмаса, контратакада жұмыс жасау. Мен екінші раундта оның соккыларын қысып, қайтарып жіберіп жаттым. Басқаша әдісте қолдандық. Үшінші раунд кезінде де қолымнан келгеннің бәрін жасадым.

есіне қайта-қайта түсе береді екен. Уақыт өте келе бәрі де ұмытылады деп ойлаймын.

— Мұндай жетістікке жеткенде бар, жетпегенде бар. Олимпиаданың екі дүркін күміс жүлдесін осы уақытқа дейін Болат Жұмаділов ағамыз ғана алған болатын. Мойымауға тиіссін деп ойлаймын.

Әділбек Ниязымбетов: Финалға шыққанға дейін алтын медальды алсам екен деп сан рет тіледім. Барынша тырыстым.

— Бұл жеңісінді кімге арнайсың?

Әділбек Ниязымбетов: Күміс болса да, еліме арнаймын. Биыл Тәуелсіздігіміздің 25 жылдығы. Алтын алсам, осы айтулы мерекеге арнаймын деп жоспарлаған едім. Бірақ ол биікті бағындыра алмадым. Мен өзге елде тусам да қаным қазақ, жаным қазақ. Мені қазақ елі есейтті, өсірді, жетілдірді. Екі күміс емес, екі алтын сыйласам да аздық етеді.

— Сені «Күмісбек» деп атап кеткендер бар. Ал осы жолы «алтын алса екен», — деп барлығы тіледі?!



Маңғыстау жұртшылығы жергілікті қолдау көрсетті

— Негізі, екінші раундта жанкүйерлер «жеңісті саған беру керек» деп жатты. Өзің қалай ойладың? Әділбек Ниязымбетов: Бапкерлер маған екінші раунд біткен уақытта «осы үшінші раундта шешіледі», — деп айтты. Мені жігермен шықсын деген болу керек. Барымды салдым. Бірақ бұйырмады.

Олимпиаданың екі дүркін күміс жүлдегері! Ұлттық құрама сапында өнер көрсеткен маңғыстаулық боксшы Әділбек Ниязымбетов Рио Олимпиадасында да өз шеберлігін көрсете білді. Финалға дейін шығып, кубалық боксшыға есе жіберді. Бұл кездесуді ақтаулық жанкүйерлері теңіз жағалауына қойылған үлкен экраннан тамашалап, қолдау көрсетті. Олимпиада аяқталғаннан кейін «Күміс жұдырықты» боксшымызбен сұхбаттасудың сәті түскен еді.

— Отандастарымыз сенің жеңісіне қуанышты. Бұл екінші орын да оңай олжа емес. Марапаттауға

шыққанда көзіне жас алдың?

Әділбек Ниязымбетов: Иә, олай болғаны рас. Біздің елдің байрағының шетте тұрғанын көргенде өз-өзімді ұстай алмадым. «Мен алтынға лайық емеспін бе, неге қол жеткізе алмадым», — деп қатты өкіндім.

— Ең бастысы, жеңілген жоқсың, жанкүйер дән риза. Басқа жекпе-жегіне тоқталайық. Жалпы, осы Рио шаршы алаңында төрт кездесу өткіздің. Ең алғашқы белдесуің белорусь, одан кейін әзірбайжан боксшысы. Жартылай финалда қарсыласың британдық боксшы болды. Осылардың барлығын еске түсіргенде қайсысы сен үшін қиын кездесу жасады?

Әділбек Ниязымбетов: Төртеуі де оңай емес. Негізінен, кездесудің біріншісі ол алғашқы болғандықтан, қиындау болады. Іріктеу кезеңі кезінде алғашқы қарсыласыммен жаттығу жасадық. Мен де қарсыласым да жеңіс үшін барын салды. Екінші қарсыластың бойы ұзын болды. Ол менен сексеніп шыққан сияқты. Бұрын 91 келіде шығып, қазір 81-ге ауысқан екен. Бұл жекпе-жекте аса қатты қиналған жоқпын. Үшінші жекпе-жек британдық боксшысымен болды. Олимпиаданың

алдында оқу-жаттығу жиыны болды. Сол кезде осы қарсыласыммен спаррингке шыққан едік. Онымен қалай бокстасу керектігін ұққандай болдым. Яғни пайдасы тиді деп ойлаймын. Шыны керек, бұл қарсыласымнан барлығы қорықты. Бапкерлерім де Жошуа Буатсидің үш кездесуінде барлығын нақауындпен жеңгенін есіме салды.

— Келесі Олимпиада ойындарына қатысасың ба?

Әділбек Ниязымбетов: Мен қазір демалуға шығамын. Жалпы, Олимпиадаға қатысу-қатыспауымды жеке бапкерлерім шешетін болады.

— Әділбек бапкер болу және отбасын құру ойда бар ма?

Әділбек Ниязымбетов: Бапкер болғым келмейді. Неге десеніз, бапкерлеріме қарап, жұмысының оңай емес екенін байқаймын. Күн демей, түн демей тер төгеді. Боксшыларымен бірге отбасынан алыстап, жұмыс бабымен әр жакта жүреді. Бапкер — ол біздің екінші әкеміз сияқты. Отбасын құруға келетін болсақ, мен осы Олимпиаданы күттім. Мақсатым — алтын алу болатын. Бірақ бұйырмады. Құдай қаласа, көп ұзамай, жаксы жаңалық естисіздер. Таңдап қойған аруым бар.

Сұхбаттасқан
Әлихан НУРАХМЕТҰЛЫ



Теңіз тарландарының текетіресі

Еліміздің әскери теңізшілері тамыз айында өткен «Армия халықаралық ойындары – 2016» сайысында күміс жүлдені иеленді. Халықаралық байқау ең алдымен Каспий өңірі мемлекеттері қарулы күштерінің ынтымақтастығын нығайту, әскери қызметтің беделін арттыру, кеме командирінің ұтқырлығы мен кәсіби дайындық деңгейін тексеру, су үсті кемелерінің экипаждары арасында бәсекеге қабілеттікті дамыту мақсатын көздеді.

Үш кезеңде сайыскерлер деңгейі қойылған талапқа сай бағаланды. Атап айтсақ, «Каспий дербиі» кезеңінде қатысушы елдердің теңіз жаяу әскерлері бөлімдері өзара бәсекеге түсті. Ал «Каспий кубогін» су үсті кемелері сарапқа салды.



Сонымен қоса, теңіз жаяу әскерлері бөлімдері мен су үсті кемелері экипаждары спорттық сайыстар бойынша сынға түсті.

Биыл дүбірлі дода 24 тәулікке созылып, Азия, Еуропа, Африка және Латын Америкасы елдерінен 120-ға жуық армиялық құрама мен 3000-нан аса әскери қызметші бәсекеге түсті. Көпшілік жеңімпаз жауынгерлік кеме экипажын аса құрметпен қарсы алды. Маңғыстау облысы әкімінің орынбасары Әнуар Шөжеғұлов бүгінгі күн батырларын мерейлі жеңіспен құттықтап, сәттілік тіледі.

Жауынгерлер Каспий өңірі мемлекеттерінің әскери ынтымақтастығын нығайтқаны және әскери қызмет абырой-беделін арттырғаны үшін облыс әкімі тарапынан арнайы алғыс хат және қаржылай сыйлықпен марапатталды.

Голрох ЖЕМЕНЕЙ, Ақтау

Директор — Бас редактор
Срайыл СМАЙЫЛ

Редакция алкасы:

Елдос ӨМІРЗАҚҰЛЫ Бас редактордың бірінші орынбасары

Мендолла ШАМУРАТОВ Бас редактордың орынбасары — Астана қаласы өкілдігінің жетекшісі

Ғалия ҚАЛИЕВА

компьютер орталығының жетекшісі

Бөлім редакторлары:

Марат МАМАНБАЙ — қоғам және әлеумет

Мақпал НОҒАЙБАЕВА — өнер және руханият

Руслан ДОСТАЕВ — арнаулы тілші

Кәмшат ТӨЛЕШОВА — терімші

Мехмет СЕМЕРЖИ — фототілші

Аймақтағы меншікті тілшілер:

Байқал БАЙӘДІЛОВ — Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстары (8 778 910 45 34)

Шынарғұл ОНАШБАЙ — Алматы облысы (8 701 503 02 76)

Асқар АҚТІЛЕУ — Ақтөбе облысы (8 778 523 44 96)

Фарида МҰНАЛҚЫЗЫ — Маңғыстау облысы (8 702 799 06 22)

Мұхтар ШЕРІМ — Оңтүстік Қазақстан облысы (8 701 428 21 08)

Айхан БАШТАШ — Осло, Норвегия mahmutba@online.no

Ұлдай САРИЕВА — Батыс Қазақстан облысы (8 705 150 48 30)

Кезекші редактор
Руслан ДОСТАЕВ

Шығарушы:

«Аманат Медиа» ЖШС

Директордың орынбасары
Мейрамбек
ҚҰЛМҰХАМЕДОВ

Бас есепші
Расима
ӘКІМБЕКОВА

Редакцияның мекенжайы:

050009, Алматы қаласы, Гагарин даңғылы, 93-үй (Абай даңғылының қиылысы)
Телефондар: 8(727) 394-37-22; факс: 394-39-68
Бухгалтерия: тел. факс: 8(727) 394-39-67 (жарнама бөлімінің ішкі нөмірі 108)

Газет «Дәуір» ЖШС РПНК
(Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй)
тел: (727) 273-12-04, 273-12-54
Тапсырыс — №2112;
Бағасы келісім бойынша

Айлық таралымы — 45 000 дана

Газет 2004 жылғы 14 желтоқсанда ҚР Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінде тіркеліп, бұқаралық ақпарат құралының есепке қою туралы №5710-Г куәлігі берілген.

Мақала авторының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты. Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады, сондай-ақ «AirAstana», «Etihad Air ways», «Turkish Airlines», «BIM», «QazaqAir» әуекомпанияларының ұшақтарында бар.